

## «Түлек 2023 – Жаңа Қазақстанның ертеңі» сценаріі.»

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, аяулы ұстаздар, қымбатты оқушылар, қадірлі жас түлектер! Міне, бүгін қызығы мен қиыншылығы мол, әр оқу жылы қайталанбас тарихқа толы мектептің мерекесі, оқушылардың сыныптан сыныпқа көшіп, асыға күткен жазғы демалысқа шығарып салатын - соңғы қоңырау салтанаты. Кеше ғана тұлымдары желбіреп, жүректері лүпілдеп, мектеп қабырғасын имене аттаған ұл-қыздарымыз ойы толып, бойы өсіп, алтын ұя мектебімен қоштасқалы отыр. Бұл күн-мектеп тарихында, мектеп бітіруші түлектер есінде мәңгі өшпесі анық.

Құрметті оқушылар, ата-аналар, ұстаздар 2022-2023 оқу жылының «Түлек 2023 – Жаңа Қазақстанның ертеңі» атты соңғы қоңырау салтанатты жиынын ашық деп жариялаймыз.

### Ведущий:

Добрый день всем! Мы рады приветствовать вас! По старой школьной традиции звуки школьного вальса сопровождают сегодняшний праздник. Праздник одновременно веселый и грустный, праздник, который открывает в жизни новые двери и делает из прожитых школьных лет приятное воспоминание

Последний звонок.

### Жүргізуші.

Жас жүректің өмірлік құштары – гүл  
Бағбан - ұстаз баулыған құстары - бұл,  
Қоштасып бүгінгі күн ұясынан,  
Сол құстардың бір тобы ұшқалы тұр,  
Ұрпағың мақтануға болса лайық,  
Біз бүгін мақтанайық, жар салайық.

Биылғы жыл түлектерін,

Құрметпен қол соғып қарсы алайық!- деп алтын ұя мектебінің табалдырығынан үлкен өмірге ұшқалы отырған мектеп бітіруші түлектерді құрметпен ортаға шақырамыз. Қарсы алыңыздар!

9 - сынып- Сынып жетекшісі Шингожина Есемгуль Рамазановна

1. Асқар Батырбек
2. Калымтаев Нурдаулет
3. Тұрсынбай Акерке

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалсын.

(Әнұран орындалсын.

### 1. Жүргізуші:

Сөз мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Шалабаева Айгүл Тұрсынбайқызына беріледі.

---

Сөз кезегін бірінші сынып оқушыларына берейік.

Жүргізуші: Мектеппен бүгін қоштаспақ,  
Қоштаспақ мәңгі сан түлек.  
Айтылып жатыр сан тілек,  
Егіліп берді-ау сан жүрек

Қазір мектеп бітіруші түлектер өздерінің мектеп қабырғасындағы ең соңғы тілектерін, тебіреніс сезімдерін білдіргелі тұр, ендеше, сөз түлектерде.

Ән «Папури»

Мектебім-білім берген алтын ұям, (Нұрдаулет)  
Ер жетіп сенде сөзім артты санам.  
Баулыған жылдар бойы ата-анамдай,  
әрқашан қасиетті атың маған.  
Арада өтсе-дағы дүркіреп жыл,  
Әр күні балалықтай бір жүрек бұл.  
Өзіңе борыштармыз өлгенімше,  
Есейген шәкіртіннің серті деп біл.

Білімді шәкірттерін аялаған,  
Жақсылығын ешкімнен аямаған.  
Саялы бақ жанашыры жас ұрпақтың,  
Ұстаз деген аяулы, ардақты жан.

Әлі есім де мектепке келгеніміз;  
Келгеніміз сыныпқа енгеніміз.  
Жасқаншақтап, таңырқап тұрған шақта,  
Өзің болдың ұстазым сенгеніміз!  
Мектебім-білім берген алтын-ұям,  
Ер жетіп сенде сөзім артты санам.  
Баулыған жылдар бойы ата-анамдай,  
Әрқашан қаситті артты маған.

Алтын-ұя, алтын бесік мектебім,  
Мәңгі есімде анам болып өткенін.  
Парызыңды өтедін сен білемін,  
Ал, қарызым саған берер көп менің.  
Кейде біздер ерінсек,  
Енжарлыққа берілсек.  
Қатаңдау тәртіп қоятын,  
Қатені ұстаз жоятын.  
Келістің бәрін көретін,  
Ойының шексіз өрісі.  
Қатаңда әділ төреші,  
Ұрыспай айтқан ақылын

Өтті біздің балалық,  
Өтті бізден шалалық.  
Тезге салды ұстаздар,  
Текті мінез даналық.  
Ұсынғаны адалдық,  
Үйреткені адамдық.  
Бар ұстазға тілейміз.  
Хор: Бақыт,табыс,адалдық

Жүргізуші: Алдарыңнан арман жолы ашылады.  
Түлектерге бақыт гүлі шашылады.  
Қимастықпен 9 - дың алтын кілтін  
Ізін басар сыныпқа тапсырады.  
9 - сынып түлектері атынан 8 – сынып оқушыларына кілт тапсыру  
Ән: «Бір үйдің баласындай »

Жолың болсын, ардақты түлектерім,  
Дүрсілдеп соғып та тұр кіп - кішкентай жүректерің  
Тәлімді тәрбиемен біліп жиып  
Жол жүргелі тұрсындар, шәкірттерім.

Класымда көп менін дарындылар  
Спорт қуған,өнер сүйген жолын бұлар.  
Ауданда да,облыста да үздік шыққан  
Жігіттерім шетінен чемпиондар.

Сыныбымда өнерлі қызым да бар,  
Би де билеп,шырқатып ән де салар.  
Класыммен әрқашан мақтанамын,  
Шәкірттерім өмірлік есте қалар.

Ұмытпаңыз, алтын ұя мектебіңді ,  
Ұстазыңды,балалық шақ көктеміңді.  
Орындап мақсат-міндет,арманыңды  
Жасай бер,туған елге еңбегіңді

Оқушылардың арман тілектерін тілетіп көк аспанға көгершін құстарын ұшыру.  
Жүргізуші:

Жақсы шәкірт азамат атанады,  
Халқынан, ата-анадан бата алады,  
Ұрпағына айтсын деп ақ тілегін  
Ортаға шақырайық ата-ананы, -дей келе, сөз кезегін баласы  
үшін бар жақсылықты шашуға әзір ата-аналар ата-аналарға  
берейік.

/  
Жүргізуші: Кешегі алғашқы қоңырау сыңғыры оқушы мен мектепті табыстырса, бүгінгі соңғы қоңырау мектеп бітірушілердің алтын ұя мектебінде соңғы рет еститін қоңырау үні. «Алдарыңнан нұрлы күн тусын» дейді мұндайда қазақ. Осындай игі тілекпен соңғы қоңырау үнін мектеп соқпақшы. Қоңырау соғу құрметі 9 -сынып оқушысы Асқар Батырбек және 1-сынып оқушысы Байзолла Айымға беріледі.

Жүргізуші:

Қоштасады алтын ұя мектебің,  
Мандайыңнан сипап өтер көктемің  
«Сәт сапар!» -деп қол бұлғаймыз бәріміз,  
Тілейміз біз армандарға жеткенін!

Келешек өмір қандай болса да, қуанышы мен реніші қатар келсе де, еліміздің қай түпкірінде болсаң да, сен міндетті түрде алтын ұя мектебінді, бірге өскен достарыңды, осы салтанатты, толғандырап сәтті естен шығарма, жолдарың болсын!

Жазғы демалысты жақсы өткізіп, келесі жаңа оқу жылында амандықпен жолыққанша сау-саламатта болыңыздар! Салтанатты соңғы қоңырау жиынын жабық деп жариялаймыз.